

Қамзин К.Қ., Желдибаева Д.М.

**Қазақ көсемсөзі: XX ғасырдың
90-жылдарындағы сыншыл
реализм тренді**

Бұл мақалада сыншыл реализмнің тек әдебиетте ғана емес, сондай-ақ публицистикада кеңінен көрініс табатындығы жан-жақты талданады. Әсіресе, кешегі ақын, жыраулардың би-болыстарға, бұқараға қарата айтқан жырларының өзінде публицистиканың элементтері тұнып тұр. Ал, публицистика бар жерде, сыншыл реализмнің де болуы заңдылық. Біз талдауға алған қазақ көсемсөзіндегі XX ғасырдың 90-жылдарындағы сыншыл реализм тренді бұрын-соңды зерттеле қоймаған тақырып. Әсіресе, Тәуелсіздік алған жылдардағы қазақ басылымдарындағы аға буын публицистердің қоғамдық түйткілдерді билік пен елге шырылдай жеткізген мақалалары дәлел ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: публицистика, сыншыл реализм, көсемсөз, журналистика, шешендік сөз.

Kamzin K.K., Zheldibayeva D.M.

**Kazakh journalism: the trend of
critical realism in the 1990s of
the twentieth century**

In this article, the trend critical realism in 1990 years of the XX century will be discussed in general. The critical realism exists not only in literature, it is in publicistic genres of journalism. Lawfully the fact that where there is a journalism there takes place and critical realism. The trend of critical realism chosen by us as the Kazakh journalism 1990 years of the XX century earlier not studied subject. For example, in oral to literature the critical realism played a big role. When there were no newspapers and magazines to a zhyra and akyns always told the word of the people. And in it there are elements of critical realism. Especially, when Kazakhstan became the independent state, the Kazakh journalism generally wrote materials and articles with elements of critical realism.

As the proof the main publications of the Kazakh publishing houses written to independence arrival times were considered.

Key words: journalism, public, critical realism

Қамзин К.Қ., Желдибаева Д.М.

**Казахская публицистика:
тренд критического реализма
90-х годов XX века**

В данной статье исследуется тренд критического реализма 90-х годов XX века. Критический реализм существует не только в литературе, он есть в публицистических жанрах журналистики. Законно то, что где есть публицистика, там имеет место и критический реализм. Тренд критического реализма в публицистике 90-х годов XX века ранее не изучался. Например, в устной литературе критический реализм сыграл большую роль. Когда не было газет и журналов, жырау и акыны рассказывали народу правду. И в этом есть элементы критического реализма. Особенно, когда Казахстан стал независимым государством, казахская публицистика в основном писала материалы и статьи с элементами критического реализма. Как доказательство авторы рассматривают главные публикации казахских издательств, написанные во времена обретения независимости.

Ключевые слова: публицистика, журналистика, критический реализм, ораторское искусство.

**ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІ:
XX ҒАСЫРДЫҢ
90-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
СЫНШЫЛ РЕАЛИЗМ
ТРЕНДІ**

Бүгінгі таңдағы жан-жақты дамыған публицистика осы күйінде екі аяғынан тең түскен жоқ. Публицистиканың тууының өзі ертедегі адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуынан басталып, ақпараттың қажеттілігінен пайда болды. Осылайша, әуелі публицистиканың ауызша түрі дамыды. Публицистиканың қоғамдағы рөлі орасан зор. Ол кез келген мәселеге үн қатып, қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы қоғамдық санаға ықпал етеді. Қалың бұқараға қаратып айтылатын, көтерілген мәселе туралы пікірді иландырып, ұйытып, әсерлі жеткізетін публицистика кеше де, бүгін де өз міндетінен жаңылған жоқ. Ал өз кезегінде қоғамдық сана сол замандағы қоғам субъектілерін ырықтандыра ұстайтынын өмір дәлелдеумен келеді. Алысқа бармай-ақ, оған бір ғана мысалмен көз жеткізуге болады. XX ғасыр басындағы Алаш публицистерінің қазақ қамы үшін жанұшыра еткен ерен еңбектері көсемсөз арқылы көрініс тапты. Сол кездегі баспасөз жарияланымдарының қаймана қазақ санасына әсер еткені соншалық қалың ұйқыдан жұлқып оятып, көкірек көзін ашып, тұла бойын тоқ соққандай сілкіндіріп, қоғамдық өмірде үлкен серпіліс туғызды. Ұлы Абай жолын жалғастырған Алаш азаматтарының еңбегі еш кеткен жоқ. Жастар ағалар ісін іліп әкетіп, білім-ғылым, өнер жолына лап қойды. Өшуге айналған қазақ рухы қайта жанданды. Ой-сана сілкінісі қазақ қоғамының тұла бойына қан жүгіртіп, кемінде елу жыл ілгері озуына себепші болды. Бұл үрдіс Тәуелсіздік алған жылдардағы баспасөзге де серпін берді. Кешегі ақын-жыраулардың, Алаш зиялыларының сынға толы жырлары мен мақалалары егемен елдің журналистикасында да көрініс тапты. Әсіресе, бодандықтың бұғауынан құтылып, Тәуелсіз мемлекет атанған Қазақстанның барлық асыл мұратына қол жеткізуі үшін қай салада да сыннан нәтиже шығаруға күш салды. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, нәтижесінде қазақ қоғамы көшке ілесіп, саясат сахнасында да биік белестерді бағындырып келеді.

Демек, «сыншыл реализм» қазақ әдебиетімен қоса, қазақ публицистикасында да бой көрсетіп жатады. Жыраулардың қоғам олқылықтары, әлеуметтік теңсіздікке айтқан жырларының өзінде сыншыл реализмнің элементтері жеткілікті. Яғни, публицистика – жыраулар поэзиясында да тұнып тұр

деген сөз. Бұл тақырыптың өзектілігі сол, XX ғасырдың 90-жылдарындағы публицистикада сынның көрініс табуында. Ал, бәзбіреулер сынды тек әдебиетте ғана кездеседі деуі мүмкін. Алайда, публицистикада тілге тиек еткен немесе қаламға арқау болған проблемалық мақаланың астарында сыншыл реализм анық байқалады.

Журналистика кеңістігінде осы күнге дейін бұл тақырып терең де қопарыла зерттелген емес. Байқап отырсақ, қазақ көсемсөзіндегі «сыншыл реализм» деген ұғым да қалыптаспаған. Сондықтан біздің мақсатымыз – ғылыми айналымға қазақ көсемсөзі мен журналистикасындағы сыншыл реализм әдісінің айқын көрінісін баянды ету.

Публицистикадағы сыншыл реализм бүгін пайда болған жоқ. Бұл қаншама ғасыр бұрынғы ақын-жыраулардың шешендік өнерінен де, одан бертіндегі Алаш көсемдері шығарған басылымның сарғайған парақтарынан да анық көрінеді. Демек, қай заманның публицистикасын алып қарасаңыз да, сыншыл реализмнің белгілерін байқауға болады. Ал ең алдымен бұл кешегі өткен заманның ұлттық көсемсөз кеңістігінде де бар. Қазақтың ауызекі публицистикасы, оның ішінде шешендік өнердің пайда болуы – публицистикаға негіз болған екінші бір құрылыс болып саналады.

«Адамзат дамуында жазудың пайда болуы мен дамуы – қазіргі публицистиканың пайда болуына ықпал ететін үшінші құбылыс болып саналады. Қоғамдық маңызды мәселелерді қозғайтын публицистика – бірнеше ғасырлардағы адамзат ақыл-ойының жемісі екендігіне дәріс кезінде көз жеткізіледі.

«Ахмет Байтұрсыновтың «Көсемсөз – шешенсөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылатын сөз. Шешенсөзден мұның айырылатын жері – шешенсөз ауызша айтылады, көсемсөз жазумен айтылады» деген анықтамасы бар. Ахаң зерттеу еңбегінде әуелі шешенсөзді айтып барып, содан соң, көсемсөзді соған ұқсата анықтайды. Оның басты себебі – көсемсөз, яғни, «әлеуметке айтқанын істету мақсатында шығарылған сөздің» жазбаша түрі қоғамдық ой айту құралдары – газет, журнал шығарыла бастағаннан соң ғана пайда болды. Ал қазақ ортасына газет, журнал XIX ғасырда ғана келді. Оған дейін қазақ даласындағы қоғамдық ойдың бәрі ауызша айтылды, ауызша таратылды. Оны Ахаң шешенсөз деп атап, көсемсөзден бұрын ауызға алып отырғаны сондықтан. Екеуі егіз ұғым. Екеуінің анықтамасын қосқанда, бүгінгі біз айтып жүрген «публицистика» ұғымы

шығады. Қоғамдық пікір тудырушы, қоғамдық ойды алға жетелеуші, әрі сол пікір мен ойдың жүзеге асуына ықпал етуші өнерді ұлт көсемі екі түрге бөлген: әуелгісі – шешенсөз, кейінгісі – көсемсөз».

Пікір мен ойдың жүзеге асуына ықпал етуші өнердің осы екі түріне ортақ атау – публицистика деген сөзге құлақ та, тіл де үйреніп қалғандай көрінеді» [1].

«Біз бүгінге дейін Ахаңның анықтамасын біржақты қолданып, соған сүйеніп, зерттеу жүргізіп келдік. Яғни, «әлеуметке айтқанын істету мақсатымен» жазумен шығарылатын сөзді, яки, көсемсөзді ғана сөз етіп жүрдік те, газет, журнал шығарылғанға дейін сайын далада әлеумет болмағандай, болса ол әлеумет басқарылмағандай, басқару үшін сөз айтылмағандай, «әлеуметке айтқанын істету мақсатымен» ауызша айтылатын сөзді, яки, шешенсөзді назардан тыс қалдырдық. Сол шешенсөзді ескерусіз қалдыру арқылы ұлтымыздың сан ғасырлық ауызша айту өнерін, яғни, қоғамдық пікірді ауызша жеткізу машығын, қоғамдық сананы қозғайтын ойды ауызша айту шеберлігін, сонымен бірге, бабаларымыздың қоғамды басқару үшін айтылған асыл ойлары мен пікірлерін отарлаушылармен бірге аяққа таптап келдік. Соның зардабын бүгін көріп отырмыз. Орысша ойлап, ағылшынша сөйлегіміз келеді. Өз пікірін ауызша пәрменді де, әсерлі айту дәстүрінен айырылып қалдық» [2].

Қазақ публицистикасының қалыптасуы мен дамуын арнайы зерттеген ғалым Бауыржан Жақып өз пайымдауларында жазу өмірге енгенге дейін де замансөз болғандығына шәк келтірмейді. «Зерттеу барысында публицистиканың табиғаты айқындалып, оның жалпы адамзат дамуының алғашқы дәуірлеріндегі екі түрі болғандығы анықталды. Оның бірі – халық ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізген ауызекі публицистика. Екіншісі – жазу, сызу пайда болғаннан кейін қолданысқа енген жазба публицистика. Қазақ халқының тарихында екеуі де әр алуан деңгейде көрініс тапты» [3].

Демек, жазу пайда болғанға дейін көсемсөздің ауызша түрі, яғни, шешенсөз өмір сүрген. XX ғасырда өткен ақындар айтысын зерделей отырып аңдағанымыз заман бедері мен қоғам тынысының сипаты мол уақыттағы рухани шығармашылықта боямасыз көрініс тауып отырған. Қоғамдық пікір туғызып, халық зердесіне жылт еткен жақсылықты ұялата білген айтыс өнері, қай қоғамда болмасын руханият көшін бастаушылар қатарында болды. Жыраулар

поэзиясындағы басты публицистикалық белгі – оның мемлекетті басқару құралына айналғандығы болып табылады. Жыраулар хан сарайы төңірегінде қызмет етті, көпшілігі әскери жорықтарға бірге шығып өз көзімен көрген батырлар ерлігін, хандар һахармандығын, жеңістер мен жеңілістерді, қанды шайқастарды суреттеп жырлады, дәуір үнін замана шындығын жеткізді.

Ал қазақ әдебиетінде жыраулар поэзиясында қоғамға деген сыни көзқарас, халықтың арман-мұратын ел билеушілерден қаймықтастан жыр өрнектерімен жеткізу негізгі сарынды құрады. Бұқараның мұнын жоқтап, билеуші топтың елге жасаған әділетсіздігін әшкерелей жырлау қазақ әдебиеті дамуының басты бағытына айналды. Сыншыл реализм әдісі жыраулар поэзиясы мен әлем классиктері дәстүрлерін үлгі-өнеге тұтқан Абай шығармаларында берік орын алды. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде өмір құбылыстарын көркем бейнелеудің бір тәсілі ретінде сыншыл сарын А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, тағы басқа шығармаларында өрісті арна болды.

Халық шығармашылығының үлкен бір арнасы қазақтың бай ауыз әдебиеті болса, айтыс өнері сол саладағы ең маңызды рухани мұра. Елбасы Н. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде қазақтың суырыпсалмалық өнеріне мынадай маңызды пікірлер келтіреді: «Тіпті қазақ даласы топонимикасының өзі де тұнып тұрған поэзия, тарихи драма мен өткір сықақ, әжуа. Қазақ сөзінің суырыпсалма жыр шығаруға деген сан ғасырлық тамаша дәстүрі де біздің халқымыздың толып жатқан тамаша қасиеттері туралы, оның жан дүниесінің тереңдігі мен кемеңгерлігі туралы мол мағлұмат бере алады» [4, 124 б.]. Демек, ауызекі шешендік өнерде айтыс өнерінің де алатын орны ерек.

Халқымыздың қилы замандарындағы даму кезеңдерінде ел арасынан шыққан көрнекті тұлғалардың тапқыр да ұшқыр, нандырып, сендіріп айтқан өміршең сөздері бүгінгі күнге дейін ұрпақ жадында. Бұл тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлының тұжырымдамасы қазір де өз мәнін жоя қойған жоқ.

«Біріншіден, қара сөздер тыңдаушылардың ақыл-ойына тікелей әсер етіп, оларды белгілі бір қимылға шақырады, іс-әрекетке үндейді. Екіншіден, тыңдаушылар үшін қара сөз анағұрлым түсінікті болады. Үшіншіден, публицистикалық баяндау тәсілі қолданылады, сөз қайталаушылық көп кездеспейді. Мұның өзі ауызша айтқандықтан болса

керек. Төртіншіден, батырлар мен басқа да кейіпкерлер өмірінде болған адам екендігі де жырдағы публицистикалық сарынды күшейтеді. Бесіншіден, қазірге дейін сақталған жер-су, тау аттары кездеседі. Алтыншыдан, қазақ халқының бүгінгі күнде сақталған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діни наным-сенімдердің нақтылы көріністері орын алады. Жетіншіден, белгілі бір нақты тарихи кезеңде болған саяси оқиғалар тізбегі кездеседі. Сегізіншіден, тыңдаушылардың күш-жігерін негізгі айтылатын әлеуметтік ойға бағындырып, оларды белсенді іс-қимылға біріктіріп, қатаң бақылауға алып, реттеп отыру байқалады [5].

Міне, ауызекі шешендік сөзден бастау алған публицистикада да сыншыл реализмнің элементтері кездеседі. Себебі, публицистика қашанда сол кездегі ең өзекті мәселелерге үн қатуы керек. Бүгінгі публицист өз ойын газет бетіне жайып салса, кешегі ақын-жырау қазақтың көзін ашып, көкірегін ояту үшін аянбай тер төкті. Екеуі де өз пікірін батыл білдіріп қана қоймайды, өз ұсыныстарын айтумен бірге, басқа да азаматтарды маңызды бір мәселе төңірегінде толғануға шақырады.

Ал көсемсөздегі сыншыл реализм дегеніміз не? Әрине, әдебиетте сыншыл реализм бар. Бұны біз көсемсөзден де кездестіреміз. Сыншыл реализм – әдебиеттегі көркемдік әдіс. Өмірді сан қырынан зерттеп, қоғамның адамзаттық нормаларға қайшы келетін кемшіліктерін сынға алады. Типтік жағдайда типтік образдар жасау арқылы өмірді неғұрлым шынайы суреттеуге ұмтылып, адамдар тағдырын, олардың мінез-бітімін, қоғамдағы қайшылықтарды сынайды. Адам мен қоғам арақатынасын, адамзаттың қоғамдағы жасампаздық, белсенділік қызметін, олардың ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік қалыптарын сақтай отырып, бақытты өмір сүру жолындағы ұмтылысын, күресін бейнелейді. Қоғамдық дамудың дұрыс жолды таңдауында сынның рөлі қаншалықты болса, Сыншыл реализм де өнер құдіретімен өмірдің көлеңкелі тұстарын шынайы бейнелеуге ұмтылып, оны жою мен әділетті қоғам орнатуға үндейді. Қоғамда белең алған кемшіліктер мен әділетсіздікті сынап, оны болдырмауға шақыру Сыншыл реализмнің басты сипаты саналады.

Реализм (латынша *relis* – заттылық, шындық) – әдебиет пен өмірдегі кең қанат жайған, өмір құбылыстарын бар қалпында, нақтылық, сипат белгілерін сақтай отырып, жинақтап, тұжырымдап, шыншылдықпен бейнелеуді мақсат ететін көркемдік әдіс. Реализм әдісі

суреткерден өмір құбылыстарын, маңызды қоғамды мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы, сан алуан жайларды мейілінше кең қамтып, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсетуді, қарапайым адамдардың бейнесін сипаттауға жете назар аударуды талап етеді. Реализм айналадағы нақты өмір құбылыстарын толық көрсету қажеттігін мойындайды. Реализм өмірде болатын, үнемі кездесетін нақтылы іс-жағдайларды, адамның іс-әрекеттерін бейнелеуді басты мақсат санайды.

Сыншыл реализм елді аузына қаратып, қоғамның мәселесін жырға қосқан ақын-жыраулар өлеңдерінен де, Алаш баспасөзіндегі халықтың көзін ашуға бағытталған мақалалардан да, бергісі Тәуелсіздік алған жылдары ұлт, тіл, дін, діл мәселелеріне батыл қалам тербеген баспасөздегі жарияланымдардан да көзге жиі ұшырасады.

Мәселен, Тәуелсіздік алған жылдары редакторлық, журналистік қырымен танылған белгілі жазушы-қаламгер Шерхан Мұртаза заманды жалаң суреттеп, оқиғаны тізіп шығушы емес, елдің тіршілік, қам-қарекетімен етене араласа отырып, әрбір жағдаятты әр қырынан үңіле зерттеп, танымдық сарын қоғамның мәнін терең ашып көрсетуді мұрат тұтады. Ш. Мұртаза өзінің журналистік қырын әрбір мәселе объективті тұрғыда қарап, шын бағасын бере отырып, кемшілігін дәл көрсете білгендігімен ерекшеленеді. «Қоғамда, өндіріс салаларында орын алған кемшілікті қаламмен тілгілеп өткендей әсерде қаласың. «Обком секретары шахтаға бір түскен жоқ», «Кемшілікті мойындау оңай-ау, бірақ», «Күн тәртібінен

түспейтін мәселе», «Әділетті болу керек», «Асығыс іс ақаулы», «Елеусіз қалған ет» сынды корреспонденциялары мен «Қылдырықтай қызылша», «Тойған кім, тоңған кім?» атты фельетондары жеке бір объектідегі кемшіліктер негізінде жазылып, олардың орын алу себептері, салдарлары, жоюдың жолдары көрсетіліп, нақты бір науқандарға, белгілі бір кезеңде қойылып, күн тәртібіндегі тұрған мәселелерге негізделеді» [6].

Корреспонденция – талдамалы публицистикалық жанр. Публицистиканың өміріндегі туындап отырған күрделі мәселелердің түйінін дәл шешуі мен тура қорытынды жасау мүмкіндігін көрсететін газет жанры. «Ал қазақ журналистикасының өркендеп, дамып, қанат жаюына үлкен үлес қосып, ұлттық публицистика үнін анық та айқын танытып жүрген талантты да талғамды суреткер Камал Смайылов ғылыми-танымдық мақалаларымен, публицистикалық туындыларымен, мақала-хаттарымен қазақ журналистикасында өзіндік келбетімен танылған бірегей қаламгер. Смайыловтың ұлттық мүддеге деген көзқарас-пайымы 90-шы жылдардан кейінгі барлық мақалаларда дерлік көрініс тауып отырды. Бұл қазақ журналистикасының тақырыптық жағынан да, жанрлық жағынан да жедел дамыған кезеңі. Камалдың 90-шы жылдардан кейінгі публицистиканың қоғамдық-саяси сипаты жағынан да жедел дамыған кезеңі» [7].

Сөзімізді түйіндер болсақ, сыншыл реализм Тәуелсіздік алған 90-жылдары қазақ публицистикасында кеңінен өріс ала бастады. Бұған мысалдар жетерлік. Біз сол кездегі көсемсөздің тізгінін ұстаған редактор-публицистердің бірлі-екісіне ғана тоқталдық.

Әдебиеттер

1. Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 148-бет.
2. Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – 347-бет.
3. Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – 348-бет.
4. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
5. Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 67-68 бет.
6. Жақсылықбаева Римма. Ш. Мұртаза – публицист, редактор. – Алматы, 2002. – 23 бет.
7. Сердәлі Бекжігіт. Камал Смайылов – публицист. – Алматы, 1999. – 6 бет.

References

1. Zhahip B. «Kazakh publisistikasynyn qalyptasu, damu zholdary» Almaty «Bilim» baspasi, 2004, 148 bet
2. Zhahip B. «Kazakh publisistikasynyn qalyptasu, damu zholdary» Almaty «Bilim» baspasi, 2004, 347 bet
3. Zhahip B. «Kazakh publisistikasynyn qalyptasu, damu zholdary» Almaty «Bilim» baspasi, 2004, 348 bet
4. Nazarbayev N Tarich tolkynynda.- Almaty. Atamura, 1999. – 296 bet
5. Zhahip B. «Kazakh publisistikasynyn qalyptasu, damu zholdary» Almaty «Bilim» baspasi, 2004, 148 bet
6. Zhaqsilikbayeva R. Sherchan Murtaza – publicist, redactor. – Almaty, 2002. – 23 bet
7. Serdali B.K. Kamal Smailov – publicist. Almaty, 1999, – 6 bet